

**№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжі**

# **Рефератты қалай қорғайды?**



**Баяндамашы Әдіскер Усербаева Э.Б.**

**"Реферат"** сөзі латын тілінен шыққан және оны сөзбе-сөз аударатын болсақ, ол **"баяндау, хабарлау"** деген мағына береді.

## **1. Рефератпен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері**

- тақырыпты таңдап онымен танысу;
- реферат тақырыбы бойынша ақпарат көздерін табу;
- әдебиттерді зерттеу;
- жиналған материалдың жүйелілігі;
- рефератты жазу;



## **2. Рефераттың құрылымы**

- рефераттың жоспары (бөлімдер мен тармақтарды көрсету керек)
- кіріспе (тақырыптың өзектілігі, рефератты жазудың мақсаты)
- негізгі бөлім
- қорытынды (нақты, қысқаша 1-2 бет болуы керек )
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі

# 3. Рефератты ресімдеудегі талаптар

- **3.1 Жалпы талаптар**
- 1. Реферат А4 форматты ақ қағазда орындалады (210 x 297).
- 2. Компьютерлік тәсілмен Microsoft Word мәтіндік редакторында 1,5 интервал арқылы Times New Roman 14 қаріпімен, жолдарды көлденеңінен түзете отырып, қара түсті сиямен тереді.
- 3. Ақ шеттердің өлшемі: сол жақ - 30мм, оң жақ - 10мм, жоғарғы жақ - 20мм, төменгі - 25мм
- 4. Жұмыс тігілген (түптелген) болуы керек.
- 5. Жұмыс парақтарының бетін араб сандарымен нөмерлейді. Мұқаба беттен бастап барлық беттер нөмерленеді. Мұқаба бет бірінші бет деп есептелгенімен оған «1» нөмері қойылмайды. Барлық беттер нөмірленеді және ол әр беттің төменгі жағының ортасына соңына нүкте қойылмай 12 қаріппен жазылады. Сыртқы бетке нөмір қойылмайды.
- 6. КІРІСПЕ, НЕГІЗГІ БӨЛІМ, ҚОРЫТЫНДЫ, ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ, сияқты құрылымдық бөлімдердің тақырыптары жолдың ортасына үлкен әріптермен соңына нүкте қойылмай жазылады, төменде жазылатын мәтіннен үш қатар аралық интервалмен бөлінеді. Тақырыптарды тасымалдауға болмайды.
- Әрбір бөлімді жаңа беттен бастап жазу ұсынылады.

## 3.2. Таблицалар

Таблица мәтін ішінде бірден ол туралы айтылғаннан кейін орналастырылады.

Таблица

Эриксон бойынша жеке бастық (тұлғалық) өсудің кезеңдері

№ Р/с	Даму кезеңі	Қалыпты даму сызығы	Кем (анамальды) даму

### ● 3.3. Дәйексөздер (цитаталар)

- Авторлардан дәйексөздерді тек олардың шығармаларынан келтіру керек.
- “Үш жасынан бастап баланың тұлғалық тәрбиесі мен мінезі қалыптаса бастайды.” Э.Эриксон
- Дәйексөзде автордың ойы бұрмаланбай жекелеген сөздер қалдырылып, қысқарту жасалатын болса, оның орнына көп нүкте қойылады.
- “Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, осал болып туады ...” М.Жұмабаев
- Дәйексөздер тырнақша ішінде жазылады. Тырнақшаға алынбаған дәйексөздер «қараңыз» деген сөзге сілтемемен бірге беріледі [қараңыз].
- Егер дәйексөздер бір басылымнан бірнеше рет қатарынан берілсе, қайталанған сілтемелерде «сонда» деп көрсетіліп,
- беті көрсетіледі (сонда, 26 ).

### ● 3.4 Сілтемелер

- Мәтінде статистикалық мәліметтерге, дәйексөздерге, таблицаларға және т.б. қажетті жағдайлардың деректеріне сілтеме жасау міндетті. Пайдаланылған дереккөздеріне сілтеме жасауда төрт бұрышты жақша ішінде дереккөздерінің реттік нөмері және беттің нөмері келтіріледі: [9,386.].
- Сілтемелердің екі түрі болады:
- 1.Мәтін ішіндегі «1 таблицада келтірілген есептеулерде .....»
- 2.Мәтін сыртындағы – реферат жұмысының әдебиеттер тізіміндегі дереккөздеріне жасалған сілтемелер.

- **Мысалы:**

- Егер әңгіме бір автордың кітабы туралы болса, сілтеме мынадай үлгіде жасалады: «В.И. Подольский [18] қорыта келе бұл мәселе туралы .....» - деп атап көрсетеді.
- Егер сілтеме әдеби дереккөзінің нақты бетіне жасалса немесе дерек келтіріліп деректің нөмері және беті үлгідегідей көрсетіледі: «Д.А. Махатова өзінің монографиясында [11, 44 б.] былай деп жазады: «...».
- Көптомдық басылымдардан сілтеме келтіргенде томның нөмері көрсетіледі, мысалы: [22, 1 т., 75-76 б.].
- Егер бір автордың немесе бірнеше автордың жұмыстарына сілтеме жасалса онда жақшаның ішіне нөмерлері үтір арқылы былай көрсетіледі: Бірқатар авторлар [14, 17, 19] «...» - деп есептейді.



- **3.5 Санамалар**

- *Мысал:* Қазіргі заманғы Қазақстанда мынадай әлеуметтік қабаттарды бөліп көрсетуге болады:

**1) жоғары, 2) орта, 3) базалық, 4) төменгі және 5) әлеуметтік түп.**



- *Мысалы:* Мемлекеттер экономикалық дамуы жағынан үшке бөлінеді:

- **а) даму жағынан артта қалған;**

- **б) дамушы;**

- **в) дамыған.**

## **4.Қорытынды**

**«ҚОРЫТЫНДЫ»** бөлімнің тақырыбы азат жолдан бас әріптермен жазылады. Қорытынды бөлімнің көлемі 2-3 беттен тұрады.

## **5. Рефератты қорғау**

- \* «автордың пікірі бойынша», «ғалымдардың зерттеуі бойынша»
- \* «мен бақыладым», «мен есептеймін», «менің пікірімше» және т.с.с.
- \* \* «біздің пікірімізше», «біз ойлаймыз», және т. с.с. сөз тіркестері қолданылады

## 6. Қолданылған әдебиеттер

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ деген тақырып мәтінге симметриялы бас әріптермен жазылады.

- **Дереккөздерді орналастыру реті:**
- 1. ҚР Заңдары.
- 2. Тақырып бойынша нормативтік құжаттар (бірнешеу болса алфавиттік ретпен жазылады)
- 3. Статистикалық деректер (ресми жинақтар, хабарламалар, шолулар)
- 4. Оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар.
- 5. Мерзімдік басылым материалдары ( газет, журналдардың мақалалары).
- 6. Электрондық ресурстар (интернет-сайттардың және компакт-дискілердің материалдары) және т.б.

# Реферат жұмысын орындауда әдебиеттер тізімін түзу үлгісі :

**Ресми – құжаттық басылымдар:** 1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілде, 6- бап, 2 бөлім, 6 бет. т.б

**Кітаптар:** 1. Атишабарова Ғ. Қисын (логика) Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 56 бет. т.б

**Мақалалар:** 1. Әлиева Ж.М. Студенттердің таным іс-әрекетінің белсенділігін арттырудың педагогикалық процесітегі жолдары. //Вестник КазГУ. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2000. №4. – 55-58беттер. т.б

## **Ғылыми конференция материалдары:**

1.Әділбекова З.Ж. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудегі қажеттіліктің орны. «Оқушы жастар тұлғасын әлеуметтендірудің педагогикалық және құқықтық проблемалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. (22-23 қазан) – Алматы, 2001. 246-251 беттер

## **Аударма басылымдары:**

1.Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учеб.пособие, - Ростов н/Д, :Изд-во «Феникс», 1997, - 480 с.

## **Энциклопедиялар мен сөздіктер:**

1.Айқап; Энциклопедия. /Құрастырған: Сүбханбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы; Қазақ энциклопедиясы. 1995. – 368 бет.

**8. Титулдық бет**  
Титулдық бетінде  
реферат  
тақырыбының  
аты, орындалған  
жері көрсетілуі тиіс.  
Сондай-ақ орындаған  
және жетекші  
адамдардың аты-жөні  
жазылу керек.

№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық –  
педагогтік колледжі

## РЕФЕРАТ

Тақырыбы: Э.Эриксонның жеке  
бастың дамуының  
эпигенетикалық теориясы

Орындаған Нұрмолда Ж.Н.  
23 б тобының студенті  
Жетекші Усербаева Э.Б.

Алматы -2018 ж

## Ескерту

- \*Реферат жазу кітаптар мен мақалаларды көшіру болып табылмайды.
- \*Реферат бір дереккөзбен жазылмайды.
- \*Реферат әдебиеттерге шолу болмауы мүмкін, яғни, кітаптар туралы сөйлемеңіз.
- \*Рефератта тақырып бойынша жиналған материалдар жүйеленген және жалпыланған болуы керек.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!  
Сіздерге  
жүректің жылулығын,  
жанның сұлулығын  
тілейміз!**

